

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP25795523 «Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында жидек дақылдарында паразиттік нематодтарды идентификациялау және анықтау».
Өзектілігі	Жидек дақылдарында Aphelenchida, Dorylaimida және Tylenchida отрядтарына жататын көптеген нематод түрлері дамып, зиян келтіре алады. Олардың көпшілігі өсімдік иелерінің кең ауқымына ие және әлемнің көптеген аймақтарына таралған. Қорғау шараларын ұйымдастырудағы маңызды мәселелердің бірі – бұл нематодтарды дұрыс әрі уақтылы диагностикалау. Белгілі бір аймақтарда таралған нематод түрлерін анықтау арқылы ғана жидек дақылдарының өнімін төмендететін шығындардың алдын алуға мүмкіндік беретін тиімді қорғау шараларын ұсынуға болады. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында жидек дақылдарына зиян келтіретін нематод түрлерін бөліп алып, анықтау. Әлемде осындай зерттеулер кең көлемде жүргізілсе де, Қазақстанда бұл бағытта зерттеулер әлі де аз жүргізілген. Алайда, нематодтарды анықтау мен диагностикалау – жидек дақылдарын қорғау жүйесін ұйымдастыруда маңызды әрі ажырамас бөлік болып табылады.
Мақсаты	Жобаның мақсаты – оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында жидек дақылдарында паразиттік тіршілік ететін нематодтарды бөліп алып, анықтау және оларға қарсы тиімді күресу әдісін таңдау.
Міндеттері	Зерттеу жобасының мақсатына жету үшін келесі міндеттер айқындалды: 1. Нематодтарды бөліп алу үшін топырақ және өсімдік үлгілерін жинау; 2. Микроскопиялық, молекулалық және биоиндикаторлық әдістерді қолдана отырып, нематодтарды идентификациялау; 3. Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында нематодтардың таралуы мен зияндылығын картаға түсіру; 4. Нематодтарға қарсы тиімді күрес әдісін іздестіру және оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында жидек дақылдарын нематодтардан қорғау бойынша ұсыныстар әзірлеу.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Жобаның міндеттеріне сәйкес келесі нәтижелерге қол жеткізіледі: 1. Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында жидек дақылдарында паразиттік тіршілік ететін нематодтар бөлініп алынады; 2. Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында жидек дақылдарында паразиттік тіршілік ететін нематодтардың түрлері анықталады; 3. Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында нематодтардың таралуы мен зияндылығы картасы жасалады; 4. Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында жидек

	дақылдарын нематодтардан қорғауға арналған ұсыныстар әзірленеді. Жарияланымдарды жоспарлау: Web of Science дерекқоры бойынша импакт-фактордың алғашқы үш квартиліндегі немесе Scopus дерекқоры бойынша CiteScore процентиі кемінде 50 болатын журналдарда кемінде 2 (екі) мақала жариялау жоспарлануда. Зерттеу нәтижелерін әлеуетті пайдаланушылар, ғылыми қауымдастық және кең жұртшылық арасында тарату: (1) Білім фермерлерге, ғылыми-зерттеу институттарына және аграрлық бағыттағы университеттерге таратылады; (2) Жоба іске асырылған сайын зерттеу нәтижелері университеттің сайтында жарияланып отырады. Әрбір күтілетін нәтиженің қолданылу саласы мен мақсатты тұтынушылары: Жобаны іске асыру нәтижесінде алынған мәліметтерді фермерлер, ғылыми-зерттеу мекемелері және биология мен ауыл шаруашылығы бағытындағы ЖОО-лар пайдалана алады. Жобаның әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік және басқа да әсерлері: Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде жас ғалымның бәсекеге қабілеттілігі артады. Жоба фермерлерге жидек дақылдарын қорғаудың ғылыми негізделген жүйесін құруға көмектеседі, бұл өз кезегінде жидек дақылдарының мол өнім алуына септігін тигізеді.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	Амангелді Нұргүл - Амангелді Нұргүл – Scopus дерекқоры бойынша Хирш индексі – 3, Scopus Author ID: 57197764939, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57197764939, https://orcid.org/0000-0002-6850-821X Халил Токтай – Scopus дерекқоры бойынша Хирш индексі – 13, Scopus Author ID: 16032151300, Scopus Author ID 16032151300, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=16032151300, https://orcid.org/0000-0003-0814-7237 Әбдукерім Рауза Жүсіпқызы – Scopus дерекқоры бойынша Хирш индексі – 1, 57201500323, Scopus Author ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57201500323, https://orcid.org/0000-0002-4745-1437
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	Identification of new sources of wheat stem rust resistance genes. Amangeldikyzy Z., Galymbek K., Gabdulov M., Amangeldi N., Suleimanova G., Sapakhova Z. Research on Crops, 2023, 24(1), 15–27 б., DOI: 10.31830/2348-7542.2023.ROC-892 Identification of the carriers of genes for resistance common bunt, Tilletia caries (DC) Tul. using molecular and breeding methods. Safarova, N., Amangeldi, N., Amangeldikyzy, Z., Mombayeva, B., Rsymbetov, A. Caspian Journal of Environmental Sciences, 2024, 22(3), 741–

	751 б., DOI: 10.22124/cjes.2024.7918
Патенттер туралы ақпарат	=